

деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және олармен міндетті түрде санасу қажет[3, 86].

Қазір біз ғасыр тоғысында өмір сүріп отырмыз. Жаңа ғасыр адамы іскер, рухани дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, елі мен жерінің қадір-қасиетін түсінетін, өз Отанына шын берілгендік рухында тәрбиеленуі тиіс. Сондықтан да біз еліміздің болашақ азаматтарын білімділікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеп, баули білуіміз қажет. Ал, ол өз Отанына берілгендік, Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының әскери патриоттық тәрбиеге деген біліктілігі мен білімділігінің ерекшелігінде болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рамашов Н.Р., А.Н.Иманбетов. Әскери патриоттық тәрбие негіздері: Оқу әдістемелік құралы. – Қарағанды, «Арқо», 2013. - 105 б.
2. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі. 2005. - № 9. - 7-9 бет.
3. Патриоттар тәрбиелеу-міндетіміз // Алғашқы әскери дайындық. - 2006. - № 2. - 38-39 б.

**Мақан М.Ж.**, оқытушы  
**Абенев М.Қ.**, әдіскер

«Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі» КММ, Қарағанды қ

## **МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ПАЙДАСЫ**

**Аннотация:** Бұл мақалада ұлттық спорт түрлерінің мектеп жасындағы оқушыларға оқытудың пайдасы жайында айтамыз. Ұлттық спорт түрлері оқушылардың ақыл-ойлауларын ғана дамытып қоймай, сонымен қатар дене бітімін қалыптастырып, жалпы дене қасиеттерің дамытып, оқушылардың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасың қалыптастырып, рухани және адамгершілік қасиеттерің қалыптастыруға баулиды. Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан мектеп жасындағы оқушыларға ұлттық спорт түрлерің оқытудың маңызы зор.

**Кілт сөздер:** Ұлттық спорт түрлері, тоғызқұмалақ, асық ойыны.

**Makan M.Zh.**, teacher  
**Abenov M.K.**, medodist

Regional specialized boarding school-College of the Olympic Reserve named after Aliya Moldagulova, Karaganda

## **THE ADVANTAGES OF TEACHING NATIONAL SPORTS FOR STUDENT**

**Annotation:** In this article, we will talk about the benefits of teaching National Sports to school-age students. National sports not only develop the minds of students, but also form the body, develop general physical qualities, form students ' attitude to national sports, educate their spiritual and moral qualities. The Kazakh national culture of physical culture as an integral part of the general culture of the individual begins to form from the school stage. Therefore, it is important to teach national sports to school-age students.

**Keywords:** national sports, togyzkumalak, asyk game.

Ұлттық спорт түрлері – дене тәрбиесі жүйесі арқасында біздің ата-бабаларымыз білектің күші, найзаның ұшымен осынау кең даланы ұрпақтарына арнап, қорғап, сақтап қалды.

Дана халқымыз ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын ертеден-ақ білген. Қазақтың ұлттық ойындары қозғалыс элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгірін, далада, таза ауада жүру – жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде дене қасиеттерің дамытып, сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Сондықтан ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану қоғамымыздың ұлттық идеологиясын нығайтудағы өзекті мәселелердің бірі.

Атадан балаға мирас болып қалған ұлттық спорт түрлерін біз осы қазіргі заманда сақтауымыз, жетілдіруіміз, жанартуымыз, қазіргі заманға сай лайықтауымыз керек. Ұлттық спорт түрлері арқылы жастарымызды күштілікке, мықтылыққа, сабырлыққа, батырлыққа, шыдамдылыққа, батылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуіміз қажет. Осы бағытта жүргізілетін көп жұмыстардың ішіндегі ең негізгісі, маңыздысы мектептерде дене тәрбиесі сабақтарында, сыныптан тыс спорт сауықтыру жұмыстарында, жарыстарда ұлттық спорт түрлерін насихаттап, кең қолдану.

Біздің уақытқа дейін жеткен ұлттық спорт түрлерін зерттеушілер шартты түрде үш топқа бөледі. Олар: ат үсті спорт түрлері, жекпежек спорт түрлері және ақыл логикалық спорт түрлері.

- ат үсті спорт түрлеріне жататындар: бәйге, қыз қуу, теңге алу, жамбы ату, көкпар спорттары.

- жекпе-жек спорт түріне жататындар: қазақша күрес, аударыспақ, сайыс.

- ақыл логикалық спорт түрлеріне жататындар: дойбы, тоғызқұмалақ [1].

Батыр бабаларымызбен кемеңгер даналарымыздан мұра болып қалған, ақыл-оймен шапшаңдықты, төзімділікпен терең ойлауды үйрететін спорт түрлері көп. Соның бірі тоғызқұмалақ ойыны. Тоғызқұмалақ ойынының пайдасымен қасиеті өте көп. Жаңа жегіліп, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қалыптасуына өте ықпалды әсер ететін ойынның бірі. Тоғызқұмалақ ойының мектеп оқушыларға үйрету өте маңызды.

Тоғызқұмалақ ойынның пайдасы:

Ойын танымдық, эстетикалық, спорттық, тінті ғылыми аспектілерге ие. Тоғызқұмалақтың емдік қасиеті де бар, ол жасөспірімдер миын дамытады. Сондықтан ол жергілікті, ұлттық деңгейден асып, әлемдік маңызға ие. Тоғызқұмалақ дамытып қана қоймайды, ол тәртіпке үйретеді. Тоғызқұмалақ ойнайтын бала өскен соң, күнделікті жоспарын оңай құра алады, кез-келген жағдайда өзін тұлға ретінде көрсете алады, белгілі бір оқиғаға байланысты өзіндік ұстанымы, көзқарасы болады. Ойын халықтың мінезін танытады. Ондағы әрбір ереже дүниетанымдық ерекшеліктерден туындайды. Ал енді тоғызқұмалақтың әлемге танымал, түрлі ойлау жүйесіне тән түрлерін талдап қарастырсақ, бұл мәселеге нақты көз жеткізуге болады. Овари – африкалық, калах – бүгінгі күні америкалық (тегі мысырлық), Bohnenspiel – еуропалық, оның ішінде немістердің, ал тоғызқұмалақ – түркілік мәдениетке тән ойын.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғызқұмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Моңғолияда мектептерде тоғызқұмалақтан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның бірнеше елдерінде тоғызқұмалақ ойналып жатыр деген дерек бар [2].

Пифагор көбейту таблицасын үйренуге; терең ойлау қабілетіне; мінез құлқына тұрақтылықты; мектеп бітірушілер үшін ҰБТ-да есеп шығаруда; қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруда өз үлесін қоса алады.

Оқушыларды икемділікке, төзімділікке, шапшаңдықпен дәлдікке үйрететін тағы бір ұлттық спорт түрі – асық ату.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал өсіруге негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген: тоғызқұмалақ, ләңгі, асық т.б. Әсіресе қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді.

Бала ойын арқылы ойлап, ойын арқылы қиялдайды. Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – асық ойыны. Бұл ойынды тек асығы бар балалар ғана ойнайды. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Бұл ойынның түпкі мақсаты – асық ұтып алу.

Асық ойынының түрлері өте көп. Олар – алшы, омпы, хан, құмар, көтеріспек. Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, баланың «бұзылып» кетпеуі үшін, оны өзара әрекетке жетелейтін қимыл қаншама. Ең бастысы, ол баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке бұаулиды.

Асық - қой – ешкінің тілерсегінде, асық жілік басында орналасқан шымыр сүйек. Ойнай білген адамға асықтың адам ағзасына тигізер пайдасы орасан зор. Ойын барысында аяқ – қолдың қимылы жақсарып, оқушыны мергендікке, ептілікке баулиды.

Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, тілін дамытып, ойда сақтау қабілетін жетілдіреді, оларды ұстамдылықпен дәлдікке, сабырлыққа тәрбиелейді. Күніне бір сағат бөліп асық ойнаған оқушы жүйке жүйесі ауыруынан айығатын болады. Асық ойнаған бала топпен жұмыс істеуді үйренеді және де топтан озып шығу қабілетіне ие болады. Ойын барысында оқушының тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы, саусақтары, барлық бұлшық еттері қимылдайды.

Ұлттық ойын – ұлттық тәрбие. Спорт ойыны, спорттық бәсеке. Кемі екі оқушыдан бастап қанша бала ойнаса да, үлкенмен кіші бір-біріне қамқор болып ойнаса да, бір-біріне бәсекелесіп ойнаса да болады. Асық ойнау, біріншіден денені шынықтырады, екіншіден адамға барлық дене құрылысының дұрыс дамуына мүмкіндік береді. Ойынды, әсіресе оқушылармен жастар арасында насихаттау керек. Осы арқылы біз келешек ұрпағымызды ұлттық құндылықтарға жақындатамыз. Асық ойыны ұйымдастыру жағынан да өте ыңғалы. Ол үшін арнайы жабдықталған спорт кешені немесе соңғы үлгідегі спорт нысанды қажет емес. Ашық алаңдарда, үй ауласында, мектеппен бала бақша бөлмесінде өткізуге болады.

Оқушылар асық ойынының ойнау барысында:

- тарихын, жүріс тәсілдерін меңгереді.
- ойлау қабілетін арттырады.
- өз ойындарына талдау жасайды.
- ойынды ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады.

Ойын барысында берілетін білім, тәрбие және дағды:

- ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру.
- ойын ережесін сақтай білуге үйрету.
- халқымыздың ұлттық ойындарын бойына сіңіру [3].

Жоғарыда айтып өткеніміздей халқымыздың ұлттық спорт түрлері тек қана ақыл-ойды дамытып қоймай, жалпы дене қасиеттерің де дамытады. Ақыл логикалық спорт түрлерімен қатар қоғалмалы спорт түрлері де кең тараған. Баланың жастайынан денесін шынықтырып, отан қорғауға, отан сүйгіштікке тәрбиелейді. Оқушыларды топпен жұмыс істеуге және алға қойған мақсатқа жетуде белсенді болуға баулиды.

Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу [3].

Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Ал кей балалар ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей балалар ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін қызықты ойынның түрлері өте көп.

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен атын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды[5].

Ұлттық ойындар ұлт болып қалыптасқалы халықпен бірге жасасып, ғасырлар бойы ұмытылмай, атадан балаға мұра ретінде ауысып отырған. Олар баланы пайдалы еңбекке, сөйлеуге, мергендікке, тапқырлыққа, ептілік пен күштілікке, бірлесіп қызымет атқаруға, төзімділікке және т.б. тәрбиелеудің ұтымды құралы болған. Ұлттық ойындарын тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн. Өйткені, ойын баланың дүниені танып білуге қадам жасар алғашқы басқышы. Егер баланың алғашқы өмір кезіндегі тікелей айнала қоршаған ортамен байланысын адамдармен, жолдастарымен қарым — қатынасын елеп ескермей өмір тәжірибелерінен қол үзгізіп, бірден өзіне бейтаныс дүниеге мәжбүр етсек, олардың психикалық дамуына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Қорытынды. Қазақтың ұлттық спорт түрлерін қазіргі кездегі мектеп жағдайында өткізудің осындай әдістемелік ерекшеліктері бар. Сабақ басында оқушыларға ұлттық спорт түрлерінің тарихын, бұрынғы, қазіргі ережелерін, маңызын айту, олардың өз ұлтына деген мақтаныш, патриоттық сезімдерін оятудың үлкен маңызы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ халқының салт дәстүрлері. Алматы, 2007ж.
2. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Ауылдық жердегі дене тәрбиесі, сауықтыру дене тәрбиесі, спорт, көпшілік спорт жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолдары // ДТ теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Туризм және спорт академиясы. – 2006. – № 1.
3. «Асық» ойының үйрету тәсілдері. Орал, 2016ж.
4. Б.Төтенасв. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994ж.
5. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл.

**Мықтыбеков С.Д.,** дене шынықтыру оқытушысы

**Советов А.Р.,** дене шынықтыру оқытушысы  
«Болашак» жоғарғы колледжі, Қарағанды қ.

**Калиев С.С.,** дене шынықтыру мұғалімі

**Икрашев С.Т.,** дене шынықтыру мұғалімі  
№ 23 ЖББМ, Қарағанды қ.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**